Әдістемелік кеңестің отырысында
қаралды ____________
«Нұрсұлтан 7777» бөбекжай-балабақшасы
әдіскері Г.Ә.Нағыметова
«31» 08 2023 жыл

| Ортақ тақырып | апта | Тақырып | Сабақтың мақсаты | Түзете-дамыту жұмыстары | Сөздіктер |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қыркүйек** | | | | | |
| | 1-2 | Бақылау кезеңі | Балаларға диагностика жүргізу. Балалардың денсаулық дәрежесін, тынысалуы мен сөйлеу мүшелерінің жетілуін, дыбыстар мен жануарлар дауысын дыбыстауын тексеру. Логикалық ойлау қабілеті мен таным қабілеттеріне тексеріс жүргізу.<br>Просодиялық сөйлеу қабілетін тексеру. Баламен қарым – қатынасқа түсу. Сөйлеу картасын толтыру.<br>Мұрын және ауыз арқылы тынысалуын, сөйлеу кезіндегі демалуын, артикуляциялық аппаратын, қимыл-қозғалыс сферасын, дауыс күші мен интонациясын арнайы артикуляциялық жаттығулар арқылы тексеру. Көріп қабылдауын, талдау және жинақтауын «Сеген» тақтасы арқылы анықтау. Лексикалық тақырыптарға байланысты зат есім мен сын есімдерді , етістіктерді түсініп, ажырата алуын тексеру.<br>Жануарлар мен аспаптардың дыбысына еліктеуі мен ажырата алуына назар аудару. Бұйыра және еркелете айтылған сөйлемдерді түсіне алуына көңіл аудару. | Қарапайым тұрмыста пайдаланылатын сөздер, ойын әрекеті барысындағы етістіктер мен зат атауларын түсінуге машықтандыру.<br>Өзіне қарата айтылған қаратпа сөздерге жауап беру реакциясын қалыптастыру. | Ойыншық, бөлме, топ, айна, жаттығу және т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Отбасы | 3-4 | Отбасы | «Отбасы» құндылығы туралы түсініктер мен отбасы туралы ұғымдарды кеңейту. Отбасы тақырыбындағы сөздіктер: ата, әже, әке, ана, аға, апа сөздерінің мағынасын түсінуге аса назар аудару. Оларды еркелете атауға (әжетайым, ағатай, апашым) машықтандыру.<br>Сөйлеуді тыңдап, дыбыстық және реакциялық жауап қайтаруын қалыптастыру. Пассивті сөздік қорын нақтылау жән кеңейту.<br>Мүмкіндігінше отбасы мүшелерін суреттен көрсету бейімдеу. Балаға жақын адамдардың атын, логопедпен бірге қайталатып, есте сақтау қабілеті мен сөздерге жауап қайтаруын қалыптастыру.<br>«Бұл кім?» сұрағын түсінуге үйрету.<br>Дұрыс диафрагмалық тынысты қалыптастырып, А У дауысты дыбысты айтуын дамыту. | Тынысалу жаттығуы<br>Арт.ж: кубик лақтыру, бала таңдауы бойынша жасау.<br>Ұ.м: «Бұл сенің отбасың?»<br>Мынау менің – атам,<br>Мынау менің – әжем<br>Мынау менің – әкем,<br>Мынау менің – анам<br>Ал, мынау мен<br>Барлығы менің – отбасым!<br><br>Д.о: «Отбасы мүшелерін ата» (суреттен көрсету).<br>«Тыңда және қайтала»:<br>А-а-а! – анасы нәрестені шайқайды,<br>Уа-уа! – нәресте жылайды,<br>О-о-ох! – әже шаршады. | Ата, әже, ана, әке, бөпе, аға, апа, отбасы. |
| **Қазан** | | | | | |
| Ойыншықтар | 1-2 | Ойыншықтар | Ойыншықтар әлемі туралы түсініктерін қалыптастырып, айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу.<br>Пирамидалар мен құрастырма ойыншықтарды түстері, пішіндері бойынша жинастыру. Ойлау қабілеті мен зейінің дамыту. Ойын кезінде баламен қарым – қатынасқа түсу. «Бер», «жина», «құрастыр» нұсқауларын түсіндіру.<br>Етістіктің бұйрық рай формасын бекіту:<br>*Асан, кел! тоқта! отыр!*<br>*Али, ал (допты)! Бер (допты)!*<br>Ерін бұлшықеттерін белсендіріп, ауыз қуысымен дем шығаруды қалыптастыру.<br>Сөйлеуге деген құштарлығын ояту. Әртүрлі ойыншықтар шығаратын күнделікті және музыкалық аспаптар үніне еліктеуге үйрету. | Тынысалу жаттығуы: «Әуе шары»<br>Арт.ж: Түтікше<br>Ұ.м: губка ішінен ұсақ ойыншықтарды іздеу.<br>Д.о: «Кезекпен орналастыр», «Аспаптар» тақтасы<br>Логоритмика:<br>У-у-у – ұшақ,<br>Ы-ы-ы – кеме,<br>Ту-ту-ту – паровоз,<br>Би-би-би – машина,<br>Ду-ду-ду – түтікше,<br>Та-та-та – барабан және т.б.<br>Көрнекі зейінді дамыту, сюжеттік суреттен берілген ойыншықтарды көрсету: | Доп, кеме, ұшақ, машина, барабан, сылдырмақтар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Дұрыс диафрагмалық тынысалуды дамыту, А У О И дауыстыларының артикуляциясын нақтылап, дауыс күшін дамыту. | «Мұқият көздер»,<br>«Доптың жартысын тап». | |
| | 3-4 | Көлік түрлері | Балаларға көлік туралы түсінік беру. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету. Әрекеттерді түсінуін қалыптастыру: *Машинаны көрсет, ал, жүргіз.*<br>Дұрыс диафрагмальды тынысалумен жұмыс. Төрт негізгі түстерді ажырата алуын бекіту.<br>Новикова, Иванцова әдістерімен жұмыс жасау арқылы, сөйлеу тілін дамыту. | Тынысалу жаттығуы: «Делфа» тренажері арқылы жүргізу.<br>Д.о: Көліктерді жол бойымен жүргіз.<br>Логоритмика:<br>У-у-у – ұшақ ұшады,<br>Ы-ы-ы – қайық жүзеді,<br>Би-би-би – машина жүреді,<br>Ту-ту-ту – паровоз сигнал береді,<br>Чу-чу-чу – паровоз жүреді. | Кеме, қайық, машина, жол, бағдаршам. |
| **Қараша** | | | | | |
| Күз кереметтері | 1-2 | Жемістер | Күз мезгіліндегі құбылыстармен таныстыру. Табиғатқа, қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Жемістер туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру. Балаларды жемістердің түрлері мен таныстырып, оларды бір - бірінен түсі, пішіні, дәмі арқылы ажыратып білуге үйрету.<br>Дұрыс дем алу мен дем шығаруға машықтандыру.<br>Сын есімдермен таныстыру: заттардың көлеміне байланысты үлкен және кіші ұғымына сәйкес тиісті қимылдарды қолдануға үйрету.<br>Басқа адамдардың сөйлеуін түсінуге машықтандырып, екі сөз тіркесінен құралған әрекеттерді түсіне білуге үйрету (алманы көрсет, алманы ал және т.б.) .<br>Біржақты диалог жүргізуге машықтандыру (логопед сұрақ қояды, бала ым-ишара тілімен/ дыбыспен жауап қайтару). | «Күз» тақырыбы бойынша мнемотехника әдісін қолданып, көрнекі – бейнелік есте сақтауын дамыту.<br>Тынысалу жаттығуы: Түрлі түсті жапырақтарды әртүрлі темппен үрлеу.<br>Ұ.м: Жемістерді себетке сал.<br>Арт.жаттығу: «тәтті тосап»<br>Д.о:<br>1. «Көлеңкесін тап»<br>«Таны және көрсет» , жемістерді тану және дұрыс көрсету.<br>2. Ересек адамның сөйлеуі мен қимылына еліктеп, аморфты сөздерді қайталау:<br>Ой-ой-ой<br>Ай-ай-ай<br>3. Жемістерді макеті бойынша сәйкестендіру. | Жапырақ, ағаш, күз, жеміс, алма, алмұрт, банан, аспан, күн, орман. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3-4 | Көкөністер | Қоршаған ортадағы заттар туралы білімдерін дамыту. Алуан түрлі көкөніс түрлерімен таныстыру.<br>Мұрын және ауыз арқылы тыныс алуын жетілдіру.<br>Қарапайым әрекеттерді түсінуге үйрету:<br>*Капустаны көрсет,*<br>*Сәбізді ал,*<br>*Қиярды сал,*<br>*Помидорды жина.*<br>Сөйлеуді естуін дамыту, сөздерді дұрыс қабылдау және ажырата білу. Белсенді және енжар сөздік қорын дамыту. Етістіктер мен ересектердің сөйлеу тілін түсінуін қалыптастыру. | Тынысалу жаттығуы<br>Арт.ж: Күлімсіреу<br>Ұ.м: Күріш салынған шар.<br>Д.о: «Жұптасқан суреттер»<br>Логоритмика:<br>Ам! – қоян капустаны жейді,<br>У-ух! – сәбізді тартамыз,<br>О-о-о-х! – капуста өсуде,<br>О-г-о-о! – үлкен асқабақ,<br>М-м-м! – дәмді алмұрт,<br>Фу-у-у! –қышқыл алма. | Қияр, сәбіз, капуста, асқабақ, помидор. |
| **Желтоқсан** | | | | | |
| Дене мүшелері | 1-2 | Дене мүшелері | Балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін қалыптастыру және атай білуге машықтандыру.<br>Көру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br>Енжар сөздік қорын дамытып, тұтас тіркестерді түсінуге машықтандыру:<br>*Сабынды ал,*<br>*Бетінді жу,*<br>*Қолынды жу,*<br>*Сүлгіні ал,*<br>*Бетінді сүрт.*<br>Бір әрекеттен екіншісіне ауысуға үйрету. Сөйлеуге еліктеуін қалыптастыру. | Тынысалу жаттығуы: «Жел» ауыз қуысының мықты тегіс демін шығару.<br>Арт.ж: Жымию, қақпа<br>Ұ.м: «Қай қолымыз күштірек?»<br>Д.о:<br>1. «Екінші жартысын тап»<br>2. «Сыңарын тап» сәйкестендіру.<br>3. «Дәрігер» сюжеттік ойыны арқылы баламен байланысқа түсу. | Бас, қол, аяқ, ауыз, ерін, көз және т.б. |
| | 3-4 | Киім, аяқ киім | Киімдер атауымен танысу. Киім кию тәртібі меңгеру.<br>Дұрыс дем алу мен дем шығаруға машықтандыру. Баламен біржақты диалогқа түсу (логопед сұрақ қояды, бала ым-ишара тілінде/ дыбыспен жауап береді).<br>Жекеше және көпше түрдегі сөздерді түсінуге үйрету. Қарама-қарсы сөздердегі етістіктердіұғыну (ки-шеш, байла-байлама). 2-3 сөзден құралған сөйлемдерді түсіну, нұсқауды орындау. | Тынысалу жаттығуы: бақа арқалы жасау.<br>Ұ.м: аяқ киімнің бауын байлап уйрену.<br>Д.о: 1. Сыңарын тап<br>2. Аяқ киімдерді сыңары бойынша сәйкестендір.<br>3. Аталған киімді көрсету, атау.<br>Логоритмика: Новикова әдісі бойынша дауысты дыбыстарды әуенмен айту. | Футболка, шорты, көйлек, жейде, аяқ киім, қалта, юбка, шалбар және т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Қаңтар** | | | | | |
| Жануарлар | 1-2 | Үй жануарлары | Балаларға үй жануарлары туралы түсініктерін тереңдету. Олардың бізге тигізер пайдасын айту және оларды күтіп баптауға, қорғап қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Үй жануарларына байланысты тақпақ, мақал- мәтелдерді қайталай отырып, сұрақ жауап арқылы балалардың тілін дамыту. Бір демде шығаруда дыбыстарды мейлінше озақ созу:<br>О-о-о – аю ақырады,<br>И-и-и – жылқы кісінейді,<br>Пи-пи-пи – балапан шиқылдайды<br>Бір демде 2-3 буын айтуға талпындыру. | Тынысалу жаттығуы<br>Арт.ж: жылқы, мысық<br>Ұ.м: Ұсақ тастар арасынан жануарлар бейнесін табу.<br>Д.о: «Жануарлар» лотосы.<br>Логоритмика «Қонақтар»:<br>Тук-тук – қонақтар келді,<br>Ав-ав – күшік үреді,<br>Мяу-мяу –мысық мияулайды,<br>Иа-иа-иа – есек ақырады,<br>Бее-бее-бее –қой,<br>Му-му-муу – сиыр,<br>Ме-ме-ме - лақ | Ит,<br>мысық,<br>қой,<br>сиыр,<br>жылқы<br>және т.б. |
| | 3-4 | Жабайы аңдар | Жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру. Жабайы аңдарды бір-біріне ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету. Балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту. Қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту.<br>«Бауырсақ» ертегісінің желісімен саусақты қозғалту арқылы ұсақ моториканы дамыту. Қарапайым әрекеттерді түсінуін бекіту: *қоянды көрсет, аюды ал, түлкіні бер.*<br>Сөйлеу координациясы мен қимыл қозғалыс әрекетін біріктіру | Тынысалу жаттығуы<br>Арт.ж: піл<br>Ұ.м: саусақ жаттығуы «Сұр қоян»<br>Д.о: Лотомен және қима суртпермен жұмыс.<br>«Зоопаркте нені көрдің?» тақырыбында баламен диалог орнату. | Аю, қоян,<br>қасқыр,<br>түлкі,<br>бауырсақ. |
| **Ақпан** | | | | | |
| | 1-2 | Үй құстары | Құстар туралы түсініктерін нығайту, олардың мекені, тіршілігі туралы мәлімет беріп, үй құстарына деген қамқорлыққа баулу.<br>Өзге адамның сөйлеу тілін түсінуін қалыптастыруды жалғастыру, лексикалық тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруге | Тынысалу жаттығуы<br>Ұ.м: Құстар бейнесін түрлі түсті қағаздан жасау.<br>Д.о: «Ұшты ұшты» ойыны баланың жануарлар мен құстарды ажырата алуы.<br>Логоритмика: | Әтеш,<br>тауық,<br>үйрек,<br>торғай,<br>қарлығаш<br>және т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Құстар | | | ынтасын арттыру. «Ұшу» сөзінің мағынасын түсіндіру.<br>Қалыпты тұрғыда дұрыс дем алып, дем шығаруын жетілдіру. | Ко-ко-ко – тауық,<br>Га-га-га – қаздар,<br>Пи-пи-пи – балапан | |
| | 3-4 | Дала құстары | Дала құстарымен танысу. «Қайда?» сұрағын түсінуге машықтандыру. Жауап ретінде бір орында тұратын затты көзбен табу. Дал құстары мен үй құстарын ажыратуға үйрету.<br>Диафрагмальды тынысалуын қалыптастырып, арикуляциялық жаттығуларды орындауын қадағалау. Ауызекі сөйлеу тілін түсінуге үйрету. | Тынысалу жаттығуы<br>Ұ.м: Ұсақ тастар арасынан дала құстары мен үй құстарын теріп, екі ыдысқа бөліп салу.<br><br>Д.о:<br>1.«Ұшты ұшты» ойыны баланың жануарлар мен құстарды ажырата алуы.<br>2. «Лото» ойыны<br>3. Қимыл –қозғалыс ойыны, ұшу. | Торғай, қарға, көгершін, аққу, қанат, құйрық, бүркіт және т.б. |
| **Наурыз** | | | | | |
| Азық-түлік, ыдыс-аяқ | 1-2 | Азық-түлік | Күнделікті тұрмыста қолданылатын тағам атауларын меңгеру. Суреттен өз қалауын көрсете білуге үйрету. Екі – үш сөз тіркесінен құралған нұсқауларды түсіну (*Нанды тәрелкеге сал*). Қарама –қарсы мағыналас сөздерді түсінуге үйрету (*үлкен-кіші, салқын-ыстық*).<br>Көрсет, әкел, отыр етістіктерін үйретіп, оларды орындауға машықтандыру. | Тынысалу жаттығуы: Жануарларды тамақтандыр ойыны<br>Арт.жаттығу: Карточкалармен жұмыс.<br><br>Д.о.: 1. Үй рөлдік ойыны арқылы тағамдармен танысу.<br>2. Жетіспейтін бөлшекті табу.<br>3. Сурет бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру, мнемотехника әдісін қолдану. | Нан, шәй, су, тәтті, тосап, сүт, тоқаш, май, шекер. |
| | 3-4 | Ыдыс-аяқ | «Ыдыстар» туралы түсінік қалыптастыру. Күнделікті тұрмыста пайдаланатын етістіктерге түсіндірме беру: *жеу, ішу, жинау.* Сөйлеудің грамматикалық құрылымын қалыптастыру.<br>Заттардың орналасқан жерін атап көрсетуді үйрету: *міне қасық, анда кесе.* | Тынысалу жаттығуы: Кеседегі ыстық шәйді түтікшемен үрлеу.<br>Ұ.м: Ермексаздан тәрелкені дөңгелете жасау.<br>Д.о:<br>1. «Таны және көрсет»<br>2. «Дүкенші» ойыны арқылы баламен қарым-қатынасқа түсу. | Қасық, шәйнек, кесе, тәрелке және т.б. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Сәуір** | | | | | |
| Мен тұратын үй | 1-2 | Менің үйім | Үйдің бөліктерін үйрету. «Қайда, қайдан?» сұрақтарын түсініп, сұраққа жауап ретінде аталған затты көрсету.<br>*Жоғары – төмен* сөдерінің мағынасын түсіну. Үй бөліктерінің қандай пішіннен жасалғанын атау, көрсету. Көрсетілген сурет бойынша диалогқа түсіп, «үйшік» артикуляциялық жаттығуын жасау. | Арт.ж.: «Мен секілді жаса», «терезе» жаттығулары 5-10секунд.<br>Д.о:<br>1. Үй бөліктерін құрастыру.<br>Төбе қандай? – үшбұрыш,<br>Терезе қандай? - ...<br>2. Көрсетілген затты атау.<br>3. Үйге не керек...? | Үй, терезе, есік, төбе, үй, жол |
| | 3-4 | Жиһаз | «Жиһаз» туралы жалпылама түсінік қалыптастыру.<br>Тақырып бойынша енжар сөздік қорын қалыптастыру.<br>Сын есімдермен жұмыс: үлкен үй, кіші үй.<br>Буындарды аяқтау қабілетін қалыптастыру.<br>Ұзақ, әрі тегіс дем шығаруды дамытып, ауыз қуысының артикуляциясымен жұмыс.<br>Есту қабілетін дамыту, дыбыс шығарған ойыншықты көрсету. | Тынысалу жаттығуы: «Көңілді аю»<br>Ұ.м: СуДжок терапиясымен жұмыс.<br>Д.о: «Жиһаздарды ата»,<br>«Жұмбақты шешіп, суретін көрсет» (Қайда отырамыз? Қай жерге ұйықтаймыз?) | Үстел, орындық, кереует, үй, теледидар. |
| **Мамыр** | | | | | |
| Гүлдеген мамыр | 1-2 | Гүлдер | Балаларға гүлдердің атын атай білуге үйрету. Гүлдердің түрін,түсін,пішінін ажыра білуге үйрету.Гүлдерді күтіп баптауға,әдемілікке,сұлулыққа деген сезімдерін ояту арқылы табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.<br>Көру зейінін дамыту, бірдей заттарды таба білу. 2 сөз тіркесінен құралған сөйлемдерді түсініп, дыбыстап жауап қайтару. | Тынысалу жаттығуы<br>Ұ.м: Батпақты ұшыра үрлеу.<br>Д.о: Гүлдерді түстері бойынша топтастырамыз.<br>А-а-а-х – гүлді иіскейміз,<br>Динь-динь – қоңыраугүл шырылдайды | Жаз, әткеншек, батпақ, қызғалдақ. раушан. |
| | 3-4 | Жәндіктер | Балалардың жаз туралы түсініктерін қалыптастыру. Табиғатта жазда болатын өзгерістер туралы түсінік беріп, құрт-құмырсқалар туралы білімдерін кеңейтіп, бекіту. Сөздік қорын дамыту.<br>Сөздік грамматикалық формасын меңгертуді жалғастыру.<br>Оптикалық – кеңістіктік функцияларды, конструктивті праксисті, ұсақ моториканы дамыту. | Тынысалу жаттығуы: «Көбелектер ұшады»<br>Арт.ж: Ара<br>Ұ.м: Жәндіктерді орнына орналастыру<br>Д.о: «Қайда аз және көп?»<br>«Жәндіктер арасынан бірдей араны тап». | Жәндік, ара, құмырсқа, жаз, гүлдер. |